

**"ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" акционерлік қоғамы акционерлерінің
кезектен тыс жалпы жиналысының материалдары
2019 жылғы 30 қыркүйек, 10 сағат 00 минут**

Жиналыстың күн тәртібі:

- 1) Қоғамның директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату;
- 2) Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесін сайлау.

Қоғам Жарғысының 114-тармағына сәйкес, директорлар кеңесі мүшелерінің саны (уақытша бос жұмыс орындары болмағанда), тәуелсіз директорлар мен бас директорды (басқарма төрағасын) қоса алғанда, кемінде 4 (төрт) адамнан тұруы тиіс.

Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2019 жылғы 27 мамырдағы шешімімен:

- Қоғам директорлар кеңесінің өкілеттіктер мерзімі 2019 жылғы 27 мамырдан бастап 2020 жылғы 27 мамырды қоса алғандағы мерзімге дейін белгіленді;

- Қоғамның әрбір тәуелсіз директорына 1 000 000 теңге мөлшерінде ай сайынғы сыйақы (жеке табыс салығы мен міндетті зейнетақы жарналарын есептемегенде) белгіленді.

- Қоғамның Директорлар кеңесі келесі құрамда сайланды:

1. Қарабаев Дәурен Сапаралыұлы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі ретінде;
2. Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы – Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы);
3. Қуандықов Балтабек Мұханұлы – тәуелсіз директор ретінде;
4. Ертілесова Жаннат Жұрғалиқызы – тәуелсіз директор ретінде.

Балтабек Мұханұлы Қуандықовтың 2019 жылғы 26 тамыздағы өз өкілеттігін тоқтату туралы өтінішіне байланысты, Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор ретінде Петр Геннадьевич Лубянецевті сайлау ұсынылды. Оның кандидатурасын Қоғамның директорлар кеңесінің Тағайындау жөніндегі комитеті ұсынды (2019 жылғы 22 тамыздағы №2 шешім).

Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына келесі шешім шығарылады:

- 1) Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры Балтабек Мұханұлы Қуандықовтың өкілеттілігі 2019 жылғы 27 тамыздан бастап мерзімінен бұрын тоқтатылсын;

2) Петр Геннадьевич Лубянецв жалпы Қоғамның директорлар кеңесі үшін белгіленген өкілеттік мерзіміне Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директоры болып сайлансын;

3) Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директоры Петр Геннадьевич Лубянецвке оның Қоғамның директор кеңесіне сайланған күнінен бастап 1000000 (бір миллион) теңге мөлшерінде ай сайынғы сыйақы (жеке табыс салығы мен міндетті зейнетақы жарналарын есептемегенде) белгіленсін;

4) Петр Геннадьевич Лубянецвпен жасалған шарттың жобасына (қоса берілген) сәйкес, оның Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры болып Қоғамның директорлар кеңесіне сайланған күнінен бастап өз міндеттерін орындағаны үшін шығындарды өтеу мөлшері мен талаптары белгіленсін;

5) Қоғамның директорлар кеңесінің төрағасына Қоғамның атынан Қоғамның тәуелсіз директоры Петр Геннадьевич Лубянецвпен жоғарыда көрсетілген талаптарда шартқа қол қоюға өкілеттік берілсін.

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру»
акционерлік қоғамының директорлар кеңесіне
кандидат туралы ақпарат**

- 1) Тегі, аты, әкесінің аты: Лубянцев Петр Геннадьевич, 1977 ж.т.
- 2) «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының тәуелсіз директоры
- 3) Кандидатқа тиесілі Қоғам акцияларының саны: жоқ
- 4) Білімі туралы мәліметтер:
1994-1999 жж. Варшава Университеті (Варшава, Польша). Халықаралық қатынастар факультеті. Мамандығы: халықаралық экономикалық қатынастар. Дәрежесі: гуманитарлық ғылымдар магистрі.
2014 жылдан бастап осы уақытқа дейін – Institute of Directors (Лондон, Ұлыбритания), «Директорлар кеңесінің дипломды мүшесі» бағдарламасы бойынша оқу
- 5) Қоғаммен үлестестік туралы мәліметтер: үлестес емес
- 6) Кандидаттың соңғы үш жылда атқарған жұмыс орындары мен лауазымдары, сондай-ақ кандидаттың соңғы бес жылда басқа да заңды тұлғалардың басқару органдарында атқарған лауазымдары туралы мәліметтер:
2019 жылғы сәуірден бастап осы уақытқа дейін – "Eco Trade.kz" ЖШС бас директорының кеңесшісі
2015-2017 жж. - «Praktika Pharm» ЖШС Байқау кеңесінің мүшесі.
2012-2016 жж. – «ЕмбіМұнайГаз» АҚ тәуелсіз директоры – Директорлар кеңесінің мүшесі, Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің төрағасы.
2012-2016 жж. – «ӨзенМұнайГаз» АҚ тәуелсіз директоры – Директорлар кеңесінің мүшесі, Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің төрағасы.
2006-2016 жж. - «АКСИОМ» сақтандыру брокері ЖШС басқарушы директоры.
- 7) Кандидаттың Қоғамның үлестес тұлғаларымен және контрагенттерімен қатынастары туралы мәліметтер: жоқ
- 8) Заңнамада белгіленген тәртіппен отелмеген немесе жойылмаған соттылықтың бар-жоғы туралы мәліметтер: жоқ
- 9) Кандидаттың Қоғамның директорлар кеңесіне ұсынылуға келісетіні туралы мәліметтер: келісемін

П. Лубянцев